

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 шілде N 841

Сот шешімін орындау үшін, "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273\_ Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 P991408\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Арасан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына Алматы облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитетінен өндіріп алу жүргізілетін Алматы облыстық сотының 2001 жылғы 1 наурыздағы шешімін орындау үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге

көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 4457067 (төрт миллион төрт жүз елу жеті мың алпыс жеті) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.